

**ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН  
ДАМЫТУ**

**Егенисова А.Қ.  
Нұрсұлтанова А.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан  
e-mail: almazhai66@mail.ru

*Аңдатпа.* Бұл мақалада дарынды оқушылар проблемасын зерттеген ғалымдар ғылыми еңбектеріне талдау жасалынып, дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы баяндалады. Сонымен қатар, дарынды балаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен дарындылықты оқыту мазмұнының принциптеріне, оларды оқытатын бағдарламалардың түрлеріне, шығармашылық дарындылықты ынталандырудың тәсілдеріне ем ең әдістеріне сипаттама беріледі.

*Түйінді сөздер:* дарын, дарындылық, шығармашылық, әдіс, тәсіл, қабілет, интеллектуал.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық процестер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы зиялы қоғамның талап-тілектеріне толығымен жауап беретін жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеу мәселесін өзекті етуде. Сондықтан қазіргі заман мектептерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде оқушылардың интеллектуалдық – шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практикадағы жетістіктерді адамның шығармашылық, рухани дамуына, дара мүмкіндіктері мен интеллектуалдық сапаларының жоғары деңгейде қалыптасуын ұйымдастыру міндетіне қояды.

ТМД, Ресей ғалымдарының еңбектерін талдауда шығармашылық қабілет, креативтілік, дарындылық мәселелерінің психологиялық ерекшеліктері (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.М.Матюшкин, А.В.Берушлинский т.б.); шығармашылық іс-әрекеттің мотивациялық сипаты (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, А.Маслоу, Ж.Пиаже т.б.) жөнінде зерттеулері орындалған [1,2].

Елімізде дарынды балалармен жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер жүргізілгені белгілі: дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі (Омарова Р.С., Ү.Б.Жексенбаева, Л.И.Нарықбаева); математика пәнін оқытуда дарынды балалардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту (Б.А.Тұрғынбаева, Ж.О.Үмбетова т.б.) мектепке дейінгі шақта балалардың дарындылығын дамыту (О.А.Жумадиллаева т.б.); жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесінде дарындылықты дамыту шарттары (С.В.Кузнецова, С.И.Қалиева т.б.) [3].

Дарынды балалардың ерекшеліктері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Психологтардың пікірі бойынша, дарынды балалардың бәрін біріктіретін және оларды біршама деңгейде өзгешелендіріп тұратын ең бастысы – бұл шығармашылық қажеттілігімен байланысты ақыл-ой белсенділігі. В.С. Юркевичтің пікіріне қарағанда, осынау қажеттілік дарынды бөбектердің дамуының «қуаткөзі» болып табылады. В.С.

Юркевич балалардың «оңтайлы әлеуметтік орта мен тойымсыз танымдық қажеттілігінің арқасында алғыр болады, соның нәтижесінде олардың қабілеттері «шапшаң дамиды» деп санайды[4].

Дарынды балалардың өте бір маңызды ерекшелігі олардың қабілеттерінің жан-жақтылығы болып табылады. Б.М. Теплов «дарын сан қырлы» деп, әрі түрліше дарындылықтың болатыны жөнінде емес, зеректіліктің өзінің кеңдігі туралы сөз болуы керектігін атап көрсетті К.Г. Юнгтың пікірінше, дарынды баланың, тіпті қолайсыз сипаттамаларының да болуы мүмкін: ұқыпсыздығы, салақ, селқос, немқұрайды, ынтасыз, еркетотай, қисық мінезді, оның тіпті, ұйқыбастылық әсерін қалдыруы мүмкін. К.Г. Юнг керемет ерекшеліктерін қорғаныс сипатында, сыртқы әсерге қарсы қорғаныс болуы мүмкін деп есептейді, оның мақсаты – қиялдың ішкі ағыстарына емін-еркін әрі кедергісіз берілу.

Дж. Брунер: «Олар анағұрлым батылырақ әрі сонымен бір уақытта, анағұрлым дербестірек және тәуелдірек, салмақты және икемдірек, жуас және батыл, өз-өзіне сенімді және өз күштеріне күмәнденуге бейімді, анағұрлым әсершілдеу және шығармашылығы аздау әріптестерімен салыстырғанда, анағұрлым дербес. Олар осынау полярлық қарама-қайшылықтарды өз ойларында тоғыстырып, қисынды түрде алғанда, саналы түрде шешуге келмейтіндей көрінетін мәселелерді таңғажайыптай шешу қабілетіне ие болады», - дейді.

Дарынды балалардың әділеттілік сезімі күшті дамыған және ол барынша ертерек байқалады. Олар қоғамдық әділетсіздікті мейлінше өткір қабылдайды, өздеріне және айналасындағыларға жоғары талаптар қояды да, шындыққа, әділеттілікке, табиғаттың үйлесімділігі мен әдемілігіне тезірек үн қосады. Олар тым ертерек өздері тұратын қоғамның әлеуметтік құбылысын түсінуге тырысады, өзінің онымен байланысын сезінеді және әлеуметтік өзгерістерге мән береді.

Сөйтіп, әдебиеттерді талдау, дарынды тұлғаның сипаты, әдетте, жеделтетілген психикалық дамуымен сипатталатынын көрсетті, бұл когнитивті сияқты, эмоциялық-жүйке өрісіне де қатысты. Осылармен қатар, зерттеушілер қазіргі әлеуметтік ортада дарындылардың бойында туындайтын, әрі өзін-өзі өзектендіру барысында, тұлғаның дамуын қиындататын мәселелерді де атап көрсетеді.

Н.С. Лейтес ақыл-ойы дамуы ертерек өрлеген балалардың өзіне тән қиындықтарының барын атап көрсетеді. Мәселен, отбасында осындай баланың ерекшелігіне жиі алаңдаушылық білдіреді. Нәтижесінде дарынды бала өзіне ең жақын адамдар – ата-аналары тарапынан түсініспеушілікке тап келеді. Көбіне-көп басқаша да болады. Баланы жанұяда мадақтау ауаны қоршайды, оның табысын шектен тыс қолпаштаушылық орын алады. Осы екі жағдай да сәби жүйкесіне жарақатын түсіреді. Мектепте мұндай оқушыға тағы оңай емес, өйткені, ондағы басымдықтар мұғалімдердің ақыл-ойы мен психикалық жағынан дамуында түрліше қиындықтары бар балаларға көбірек назар аударып, көмек көрсетеді. Демек, дарынды бала мектепте жиірек өз-өзімен оңаша қалады деген тұжырым жасауға болады[5].

«Дарынды балалар мен жасөспірімдердің диагностикасы мен дамуы» деген мақаласында К. А. Хеллер, дарынды балаларға кеңес беру үшін айрықша себептерін» бөліп көрсете отырып, анағұрлым маңыздыларының есебінде әлеуметтік мінез-құлық (40,6%) және мектептегі үлгерімімен байланысты (31%) мәселелерді атап айтады.

Дарындылықтың дамуын зерттеуде оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты әрекет (музыка, спорт, т.б.) түрінде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды. Дарындылық қабілетін көрсете білген балалар одан әрі оны үнемі жарияламай, Н.С.Лейтес бағалағандай «өспелі дарындылыққа» және шартты түрде белгілі бір іс-әрекетке бағыттай алады [5].

Көптеген психологтар анықтаған дарындылықтың ықтимал теориясы дарынды балалардың санатын анықтауды кеңейтуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты дарынды балаларды оқыту жолында жетістіктерге жету үшін белгілі бір мөлшерде жағдай жасалады. Оқытудың мақсатқа сай болуы бағдарлама бойынша 1-2% «вундеркинд» - балаларды ғана

емес, өз жасына сәйкес орташа деңгейден жоғары даму деңгейіне көтеріле алатын балалардың 15-25%-ын құрайтындығы тәжірибелер арқылы дәлелденген. Шетелдік және отандық ақпарат көздеріне сүйенсек, Е.И.Щебланова атап көрсеткендей, ұлттық оқыту жүйесі мұндай балалардың қабілетін толық ашу үшін арнайы бағдарламалар мен олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеретін оқыту тәсілдерінің аумағын кеңейтуі шарт.

Дарындылықтың маңыздылығы мен прагматикалық-гуманистік бағдарға сай, баланың жеке тұлғалық қасиетін жаңа деңгейге көтеретін, ұлттық оқыту шартының іс-әрекеті түрінде «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз», - делінген.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жалпы білім беретін мектеп бағдарламасынан ерекше өздерінің жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсете алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінде оқытылуы қажет. Сондықтан дарындылыққа берілген шетел зерттеушілерінің анықтамаларында оларды оқытудың арнайы бағдарламасының қажеттігі туралы мәліметтер берілген. Мысалы, Барбара Кларк: «Дарынды балалар деп – қандай ортада болмасын кез-келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды атайды. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді», - дейді.

Бағдарламалардың тиімділігі балалардың мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес келумен тығыз байланысты. Егер, мектептегі оқыту негізін құрайтын танымдық іс-әрекет балалардың когнитивтік мінез-құлқына сай келмесе, онда баланың жоғары деңгейде дамуына қол жеткізу мүмкін емес. Шығармашыл дарынды балалар өзгелерден белгілі бір ерекше қажеттіліктермен айқындалатынын білсек, онда бұл оларды оқытудың арнайы бағдарламалары керек екендігін білдіреді.

Сондықтан да, педагогикалық процесс мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Дарынды балаларды оқыту бағдарламасы олардың мүмкіндіктері мен талаптарына және осы деңгейдегі оқушыларды оқыту мақсатына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан, ең бірінші оқыту мазмұнының басты деген талаптарына тоқталайық:

- оқу пәндерінің сандық және сапалық ерекшеліктері;
- оқыту мазмұны әрбір оқу пәнінің мазмұны шығармашылық жұмыстарға бөлінуі;
- тақырыптық тараулар мол мазмұнды және зерттеушілік сипатта болып келуі;
- әр тарау көлемі мәліметтер қорына байланысты түрлі мөлшерде берілуі.

Бұл тәсіл оқытудың негізгі бағыттарына, яғни білім, білік, дағдыны шығармашылық тұрғыда меңгерулеріне жақсы әсер етеді. Мұндай әдіс оқытудың жаңа бағыттарын шешуге, яғни балалардың қабілетін жүйелі ой санасының шығармашылық ойлауын ашып, одан әрі дамытуға мүмкіндіктер беретіндей болуымен маңызды.

Осы тәсілмен біз шығармашылық дарындылықты дамыту үшін оқыту мазмұнын ұйымдастырудың 4 негізгі принципін айта аламыз:

Тақырыптық тараулар бойынша мазмұндық сипатының толықтығы;

Ғаламдық, кең таралған тақырыптар мен мәселелерді оқыту;

Дарынды балалардың білімге құштарлығын оятатын мазмұнды тақырыптарды оқытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, дүниенің дамуына байланысты тапсырмаларға деген пәнаралық көзқарасты қалыптастыру;

Мазмұндық өзара ішкі байланысты қалыпқа келтіру, білім саласына байланысты өзекті оқыту мәселелері мен тақырыптарының бірігуі.

Аталған төрт принцип те бір-бірімен тығыз байланысты, біреуінің жүзеге асуы басқасына әсер етеді. Пәнаралық көзқарастың іске асуы пәндер арасында тақырыптардың бірігуін қамтамасыз етеді. Дарынды балалар қажеттіліктерінің ақыл-ой жүктемесінде бесінші принцип пайда болады, бұл - оқыту мазмұнының нақтылық принципі.

Егер, біз С.Кэплан еңбегінде жақсы жарияланған (1982ж.) дүниежүзілік дарынды балалар ісінің кеңесі өңдеп шығарған дарынды балаларды оқыту бағдарламасының талаптарын одан әрі талқыласақ, онда дарынды балалардың мінез-құлық ерекшеліктерімен қатар, жеке шығармашылық дамуы мен осы талаптардың тікелей байланысын көре аламыз.

Дарынды балаларға арналған бағдарламалар талаптар сипаттамасы төмендегідей:

- оқушылар таңдаған тақырыптарды тереңдете оқыту мүмкіндіктерінің болуы;
- оқыту барысында өзіндік жауапкершілікті, яғни бала өзін-өзі басқара отырып, өз бетімен оқуын қамтамасыз ету;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдерін дамыту;
- абстрактылы-логикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру;
- жаңа ой таба білуге ынталандыру;
- алуан түрлі әдіс-тәсілдер, мәліметтер қолдану арқылы жаңа жұмыстар табуға ынталандыру;
- әр түрлі критерийлер көмегімен жұмыс нәтижелерін, өз жұмысын бағалай білуге ынталандыру.

Зерттеулер көрсеткендей, дарынды балаларға арналған білім беру бағдарламаларын құрудың екі тәсілі бар. Біріншісі, оқу үрдісін жеделдетумен байланысты. Жоғарғы деңгейдегі балаларға қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша білім берілгенімен, жекелеген ерекшеліктеріне байланысты даму деңгейінің мүмкіндіктері ескерілмейді. Жеделдетіп оқыту сыныпаралық оқу арқылы, әр түрлі пәндер бойынша кейбір оқушылар үшін жекелеген бағдарламалар құру арқылы жүзеге асады. Жеделдетіп оқыту дарынды баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай оқыту түрі баланы жалығудан сақтайды. Дарынды балаларды оқыту ісінің көрнекті маманы Г.Пассов: «Дарынды балаларды жеделдетіп оқыту кезінде «нақты ойланып мәселені шешіп, оның шешімін тауып алуға» уақыт жетпейді», - деп жазады. Осы кезде мектепті ерте аяқтап, «үлкен өмір жолына» ерте араласу мәселелері талас туғызады.

Екінші тәсіл, оқыту мазмұнын өзгерту немесе байыту, яғни тереңдетумен байланысты. Бұл жекелеген тақырыптарды тереңдете оқыту, ғылымға ұмтылу, дарынды балалардың қызығатын пәнін өз қатарынан тереңірек меңгеруге мүмкіндік беру жолы. Тереңдетілген оқыту бағдарламалары балаға бір немесе бірнеше білім саласында жоғары құзыреттілік деңгейіне жетуге көмектеседі. Жеделдете оқытуды ескере отырып, баланың кейбір ерекшеліктерін арттыруға болады: баланың таңдауға қызығушылығы артады, ақыл-ой қажеттілігі дамиды.

Сонымен, тереңдете және жеделдете оқыту кезінде баланың шығармашылық қабілеттерінің дамуына арнайы көңіл бөлінуі қажет. Оқыту мақсатына сәйкес бағдарламаларды екі түрге бөлуге болады:

– бірінші тобына, жоғарғы ойлау үрдісін, яғни шығармашылық, логикалық ойлау, мәселені шеше білу қабілетін дамытуға бағытталған барлық бағдарламалар жатады. Мұндай бағдарламалар баланың шығармашылық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін одан әрі дамытуға әсерін тигізеді. Оларды кез келген мәселелерді шеше білу қабілеттілігімен «қаруландырады»;

– екінші тобына, өз мәселелері ретінде жеке-эмоционалды даму саласын қарастыратын бағдарламаларды жатқызуға болады. Жеке-эмоционалды даму жоспарының қиындықтары: өзін-өзі төмен бағалау, сескену, өз-өзіне сенімсіздік білдіру. Осы қасиеттер баланың шығармашылық қабілеттерінің дамуына кері әсер етеді. Сондықтан өзін-өзі тану қабілетінің дамуына ерекше назар аударылу қажет.

Демек, жеделдете дамыту да, мектеп курсы тереңдету де, тренингтік бағдарламалар да барлық оқыту мәселелерін және дарынды балалар дамуын толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселелер тек қана оқыту мен дамыту бағдарламасында ғана шешіледі. Өйткені бұл бағдарламалар балалардың дамуына ықпалын тигізіп, оқытудың барлық тәсілдерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін ашады.

Мектеп дарынды балаларды оқыту, дамыту ортасы болу үшін оқыту процесі осындай бағдарламалар талаптары негізінде құрылуы тиіс. Оқу пәндерінің көбеюі, қазіргі кездегі ақпараттық-технологиялық өзгерістердің пайда болуы бізге оқыту мазмұнын кіріктіру керек деген ой салады. Біз жоғарыда көп пәнділіктен және пәнаралық мазмұнның тұтастығы болмауынан қандай қосымша мәселелер пайда болатындығын айтып кеттік. Сондықтан соңғы 7-8 жыл ішінде елімізде кіріктірілген бағдарламалардың саны күрт өсті десек, таңқаларлық жай емес.

Кіріктірілген бағдарламалар – тақырыптарды, бөлімдерді кіріктіру принципімен құрылған оқыту мен дамыту бағдарламалары. Осы анықтама негізінде кіріктірудің екі түрін атап айтуға болады:

1. Пәнішілік, белгілі бір пән ішіндегі тақырыптарды кіріктіру;
2. Пәнаралық, әртүрлі пәндер арасындағы тақырыптарды кіріктіру.

Аталған мазмұндық ортаның ерекшелігіне және тақырыптар арасындағы байланысқа қарай жай және жанама кіріктірулер деп бөліп айтуға айтуға болады.

Ресейде кеңінен танымал дамыта оқытуға бағытталған Эльконин-Давыдов жүйесі пәнішілік талдау арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсіл мен жүйе бізге оқыту мәселелерін шешуге және балаларды әрбір жеке пән бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Осы беріліп отырған жүйе негізінде білім алып отырған балалар әр пәнді өз мүмкіндігі мен қызығушылығына сай терең меңгереді. Зерттеушілер пікірінше, дарынды балаларды осы жүйемен оқыту тиімді деп саналады. Дегенмен, дарынды балаларды оқыту жөнінде сөз қозғалған кезде бұл жүйенің мүмкіндіктері баланың дүниеге деген тұтас көзқарасын, жаңа мәселелерді қабылдауын дамытуға жеткіліксіз.

Я. Коменский: «Педагог үшін ең бастысы – баланың кішкентай зерттеушілер ретінде дамуына кедергі келтірмеу. Балалар әр нәрсені тасымалдайтын ара деп есептесек, оларға өз істері белгілі бір мөлшерде пайда әкелетіндей көмек беруіміз керек», - дейді.

Зерттеушілер шығармашылық дарындылықты ынталандырудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

- ынтымақтастық атмосфераны қамтамасыз ету;
- ерекше идеялар айтуды марапаттау;
- әр ғылым саласында қолданылатын ойлаудың дивергентті типінің сұрақтарын кең қолдану;
- балаларға белсенді сұрақтар қоюға мүмкіндік туғызу.

Шығармашыл оқушыларды дарындылығын анықтаған кезде кешенді көзқарас танытқан маңыздырақ. Сонымен бірге сан алуан әдістердің кең ауқымын қолдануға болады:

– балаларды бақылау әдістерінің сан алуан жолдары (табиғи және лаборатория жағдайларында, мектептен тысқары қызметінде);

– белгілі бір шығармашылық дарындылық жағдайын талдау міндетіне орай, түрлі әдістемелерді қолдана отырып, психодиагностикалық зерттеулер жүргізу;

– баланың отбасылық жағдайы туралы, ерте балалық шағындағы дамуы жөнінде ақпарат жинаудың бірқатар әдістерін пайдалану (ата-аналармен әңгімелесу, сауалнамалар, балалардың шығармалары, күнделіктегі жазбалары және т.т.);

– арнаулы психодиагностикалық тренингтер;

– балалардың тәртібін мұғалімдердің, ата-аналардың, тәрбиешілердің сараптамалық бағалауы;

– арнаулы бағдарламалар бойынша «байқау» сабақтарын өткізу, балаларды арнаулы ойындық және пәндік-бағытталған сабақтарға кірістіру;

– ұжымдық шығармашылық істерді даярлау барысында балалардың рөлдік ойындарға, «ми шабуылына» атсалысуы;

– балалардың шығармашылық қызметінің нақтылы өнімдерін кәсіби шебер мамандардың талдап, бағалауы (суреттер, өлеңдер, техникалық үлгілер т.б.);

– сан алуан зейіндік және пәндік олимпиадаларды, конференцияларды, спорт жарыстарын, шығармашылық бәйгелерін, байқауларды, фестивальдерді, т.т. ұйымдастыру.

Оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның интеллектуалдық дамуы, ой-өрісінің, рухани жан – дүниесінің баюына, саяси көзқарасы мен шығармашылық белсенділігінің, іскерлігінің жоғары деңгейде қалыптасуына толық мүмкіндік беру, жағдай жасау.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении – М.:Педагогика, 1992. – 208 с.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
3. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. –Алматы, 2006.–167.
4. Тұрғынбаева Б.А.Ұстаздық информашылық. Монография. – Алматы, 2012.236 б.
5. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. Кн. для учителей и родителей. –М.: Просвещ. Учебная литература, 2006. -136 с.
6. Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. –М., 1990. -214 с.

### **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ОДАренных УЧАЩИХСЯ**

*Егенисова А.Қ.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: [almazhai66@mail.ru](mailto:almazhai66@mail.ru).

*Нурсултанова А.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

*Аннотация.* В данной статье дается анализ научных трудов ученых, изучавших проблему одаренных школьников, рассказывается о психологических особенностях одаренных детей. Кроме того, дается характеристика особенностей обучения одаренных детей и принципов содержания обучения одаренности, видов программ их обучения, способов и методов стимулирования творческой одаренности.

*Ключевые слова:* талант, одаренность, творчество, метод, подход, способности, интеллект.

### **DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF GIFTED STUDENTS**

*Yegenisova A.K.* - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: [almazhai66@mail.ru](mailto:almazhai66@mail.ru).

*Nursultanova A.* - - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

*Abstract.* This article analyzes the scientific works of scientists who have studied the problem of gifted schoolchildren, tells about the psychological characteristics of gifted children. In addition, the characteristics of the features of teaching gifted children and the principles of the content of teaching giftedness, the types of programs of their training, methods and methods of stimulating creative giftedness are given.

*Key words:* talent, giftedness, creativity, method, approach, ability, intelligence.

